

Өткендей болды біржола мұнды әннің шағы,
Кіргендей болды мәулен бас шыңдардың сәні.
Орыстық ұлы Ордадан осында келген
Шәйірдi қайран қалдырды ғұндардың шалы (10).

Ақынның «Творчество үйі – 87. Тамыз» деп аталатын өлеңінен алынған үзіндіде Ресейдің символы болып саналатын қайыңды ел тіркесі арқылы, өрдегі көсем, ұлы ел қолданыстары арқылы оның географиялық жағдайы, өлең жазылған тұстағы саяси жағдайы әсерлі, қысқа, бейнелі көрсетілген. Автордың көрші елге үлкен құрметі, жағымды бағалауы айқын байқалады. «Ақынның жоғын жоқтаған, жоқтығын Оның Өрдегі көсем, қайыңды ел сондықтан ұлы» жолы «Поэт в России больше, чем поэт» прецедентті айтылымын еске түсіреді. Ал «Ғұндардың жүрегінен» алынған шумақта осы мағыналармен қоса, астарлы ақпар да қамтылған, яғни кезіндегі Алтын Ордамен байланыс меңзеледі.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С. Сматаев «Қош бол, Мәскеу!» деген өлеңінде былай дейді:

Қош бол, Мәскеу!
... Өзінде өткен от жастығым,
Арбатым!
Көк түріктің иеленген арба-атын.
Ал бүгінде сол түріктің әулетін
Жатсынасың,
Тіреп әкеп жарға тым.

Бұл мәтінде қаламгердің екіұдай пікірі байқалады.

Жалпы, аталған көрші елдер сипаты ауызекі сөйлеу тілінде, жыраулар поэзиясында ертеден бар екені мәлім. Олардың арасында түрлі жалпы есімдер де, жалқы есімдер де кездеседі. Мысалы, сары орыс, кара қытай, Иван, Наташа, мәтүшке. Бұлардың бәрі түрлі коннотацияға ие, қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты бір кезеңдерде белсенді қолданыста болса, енді бірде қолданысы азаяды.

Жалпы алғанда, көрші елдердің сипатталуы үнемі кездесетіндіктен және оларға көзқарас қазақ халқының өзіндік мінез-құлқын, психологиясын, танымындағы өзгерістер динамикасын танытатындықтан, тілдік тұрғыда қарастырылуы өзекті деген пікірдеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. -М.: Наследие, 1997.-268 с.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999
4. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 616 б.
5. Философиялық сөздік. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
6. Оксфорд сөздігі. Әлеуметтану – Алматы, ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2002, - 632 б.

Ахметова Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультеті, студент
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Манабаева А.Ш.*)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУДЕГІ ЖАРНАМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Экология проблемасы біздің елімізде күннен күнге болашақты қобалжытатын күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Табиғатты қорғау да заманның өзекті мәселесі. Табиғатты қорғау жеке тұлғалар мен қоғамның міндеті болып келген, ал экологияның оған қатысы жоқ еді.

Қарағанды облысы – Орталық Қазақстандағы экологиялық жағынан ең ластанған, өнеркәсіптік өндіріс орындары көп шоғырланған ірі өнеркәсіп орталығы. Бұл өңірдегі өндіргіш күштердің даму барысы көптеген жылдардан бері экологиялық зардаптар ескерілмей іске асырылды. Соның салдарынан облыстың атмосфералық ауасы бұзылды. Мәселен, тұрақты көздерден атмосфераға тарайтын ластанған заттар жылына бір миллион тоннадан асады. Ал бұл жалпы республикадағы барлық қалдықтардың үштен бірі деген сөз. Негізгі ластаушы көздер Теміртауда «Испат-Кармет» АТАҚ (жылына 361,5 мың тонна), Жезқазғанда «Қазақмыс» АҚ (жылына 138,4 мың тонна), Балқашта «Балқашмыс» АҚ (жылына 299,4 мың тонна, сол сияқты Қарағандыдағы энергетикалық кәсіпорындардың өзі жылына 96,2 мың тонна ластандыратын қоспа таратады.

Сонымен қатар, қала маңына орналасқан ГРЭС-1, N3 ЖЭО және Қаражал ЖЭО-ның күлі мен түтіні, Ақжал байыту фабрикасының, Қайрақты, Жамбыл, Қарағайлы, Ақшатау кеніштерінің қалдықтары да бұрқырап, желге ұшып жатыр. Бұларда қауіптілігі 1-3 класты қорғасын, мырыш, бериллий, висмут және радионуклидті флотация қалдықтары көп. Тозанданып аспанға ұшудың салдарынан мұндай заттар маңайын да шаңдатып жібереді. Бұған қоса атмосфералық ауаны автокөліктер де ластандырып, одан шығатын тастанды қалдықтар жылына 110 мың тонна көлемінде зиянды заттар таратса, оның ішінде 200-ге жуық әртүрлі қоспа бар екендігі анықталғаны баршаға мәлім [1].

Аталған мәселелердің шешімін табуға ықпал ететін шаралардың бір түрі - ол экологиялық жарнама қызметі. Экологиялық жарнама – қоршаған ортаны, табиғатты, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін жобалар мен идеяларды жариялауға бағытталған әлеуметтік жарнаманың арнайы саласы. Стратегиялық мақсаттарға жету үшін еліміздің экологиялық қауіпсіздігінің приоритетті қырларының экологиялық қауіпсіздігін сақтау үшін Қазақстанның көкейкесті мәселелерін ұлттық қызығушылығын қорғау.

Бүкіл әлем бойынша қоршаған ортаны қорғау бойынша жарнама агенттіктері ұлттық қордың тапсырысымен көптеген жобалар жасалады. Осы тәжірибе біздің елде де өтіп тұруы қажет. Жарнама акцияларының саны мен сапасы жағынан Бразилия, ОАЭ, Сингапур, Қытай елдерінде жақсы жолға қойылған.

Бразилияда «Қоршаған орта нәзік. Оны сақтауға көмектесіңіз» слоганмен кампания өткен. Ол жергілікті журналдарда тез жұлып ала салатындай еніп сол табиғаттан алығандай өсімдіктер мен жануарлардың макеттері түрінде жарияланған.

Судың жарнамасы гаухар тастар сияқты көрсетіліп «Драгоценная текучесть» деп атаған. Бұл акция суды сақтауға және оны ластамауға шақырады.

Ал біздің аймағымызға келер болсақ, экологиялық жарнаманы жасауда оның түрлерін қарастырып, жарнама жасау формаларын, орындарын ойластырған абзал. Олармен арнайы фирмалар айналысқаны дұрыс болады. Сонда қандай экологиялық сауалдармен айналысатыны, фирманың таңба-логотипі, фирмалық түсі таңдалады, түстік накышы, іскерлік құжаттары, жарнамалық-ақпараттық материалдардың үлгі макеттері дайындалады. Экология тақырыбына плакаттардың тақырыптары беріледі: «Экологиялық дейгейде тіршілік жасау- әркімнің құқығы», «Болашақ - ол қазіргі әсемдік», «Жан ашымау - экологияды зиян», «Планета денсаулығы - біздің қолымызда», «Табиғаттың әсем түстерін сақтайық», «Біз жерде қандай із қалдырамыз» және басқа тақырыпты плакаттар.

Филип Коттлер жарнамаға келесідей анықтама берген: «Жарнама – нақты қаржыландырудың қайнар көзі көрсетілген, ақпаратты таратудың ақылы құралдары көмегімен жүзеге асатын коммуникацияның өзіндік нысаны» [1,42-6]. Ал Американдық маркетинг ассоциациясы: «Жарнама - бұл тапсырыс берушінің нақтылы төлемімен тауарларды және қызмет көрсетудің кез-келген формасы және ол тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып тұтынушыларға қызмет көрсететін және маркетингтің құрамдас бөлігі болып табылады» [2,158-6],- деп айтады.

Бүгінгі таңда су ресурстарын қорғап, ұтымды пайдалануда да проблема көп. Облыстың жалпы жылдық су ресурсы 3,4 млрд. текше метрге жуықтайды. Оның жыл сайын 2-2,3 миллиард текше метрі пайдаланылады. Негізгі су көздері Нұра өзені, оның Шерубай-Нұра және Соқыр құймалары, Ертіс-Қарағанды каналы, Қаракенгір және Жезді өзендері, Балқаш көлдері болып табылады. Облыс суларының сапалық жағынан жақсаруына кері әсерін тигізіп отырған кәсіпорындар «Испат-Кармет» ААҚ, «Карбид» АҚ, «Қазақмыс» АҚ, «Балқаш» АҚ, «Облсуканал» су-канал шаруашылығы басқармасы, «Қарағандырезинотехника» АҚ, энергетика, көмір өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары.

Облыстағы жер ресурстары да қиын жағдайда. 854 мың гектар жер азып-тозған, жел эрозиясына ұшыраған. Оның басты себебінің бірі – жерді қорғайтын орман алқабының қанағаттанғысыз жағдайы. Жер ресурстарын ғана емес, жалпы қоршаған ортаға зиянын тигізетін негізгі ластану көздерінің бірі – кәсіпорындардың өндірістік қызметі процесінде және тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінде пайда болған қалдықтар. Облыста тұрмыстық қатты қалдықтардың өте көп болуы да біраз проблемалар туғызуда. Сонымен қатар қоршаған орта мен адам денсаулығына ықпал ететін проблеманың бірі – қазылып, кен өндіріліп алынған соң қалып кеткен, жабылмай аузы ашық қалған радиациялық қауіпті кен орындары мен карьерлер мәселесі. Бұлар Шет ауданындағы Ақшатау елді мекені, Ақтоғай ауданындағы тастап кеткен геологиялық қазба орындары (Октябрь, Майтас, Қызыларай, Қызыл, Аномалия-8, Тасарал).

Осы тұста жарнаманың атқаратын қызметі ерекше. Мәселен, коммерциялық емес экологиялық ұйымдар, мемлекеттік институттар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың, жарнама компанияларының шараларының жоспарын құру және құрастыру негізгі бағыттардың бірі. Экологиялық жарнамалардың негізгі бағыты анықталады. Қоршаған ортаны қорғау туралы жарнама компанияларының мысалдары зерттеледі, Қазақстан экологиялық мәселелерін шешуде экологиялық жарнаманың орны мен мәні қарастырылады. Ұйымдардың жарнама акцияларына шолу жасалады. Жарнама шараларын ұйымдастыру бойынша болашақ жұмыс бағыты анықталады, ол қоршаған ортаны қорғау және оны ластаудан қорғау. Экологиялық бағыттағы ақпаратты-жарнамалық акцияларды өткізу кестелері құрастырылады. Мысалы келесі тақырыптар берілуі мүмкін: «Қазақстанның жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау жайында жарнама», «Күйреген табиғат аймақтарының қайта орнына келтіру шараларының жарнамасы», «Біздің қаламыздың экологиялық бет бейнесі», «XXI ғасырдағы денсаулық планетасы» және т.б.

Республикамыздың басқа облыстары Қарағанды облысындағыдай техногенді ауыртпалықты бастан кешіріп отырған жоқ. Мұнда Сарышаған ракеталық полигоны, Семей ядролық полигоны және «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшатын ракета тасығыштардан бөлініп түсетін бөліктердің құлау ауданы- бәрі бар.

Облыста радиациялық қауіпсіздік мақсатымен кәсіпорындарда өңделген ионды сәуле көздері бар жерлерде қалдықтарды көму проблемасы басты орында.

Бұл көрсеткіш облыстағы экология және табиғат қорғау мәселесіне, экологиялық проблемаларды шешу жолдарына арналған. Онда Балқаш, Теміртау, Қарағандының экологиялық проблемалары туралы қамтылған. Көрсеткіш мазмұны бес бөлім бойынша құрылған, Жезқазған-Балқаш өңірінің экологиясы, Қарағанды облысының радиоактивтік қалдықтарымен ластануы, облыстың су көздері, қалдықтарды өндіру проблемасы, өңірдің экологиялық орталықтары.

«Өлкетану» электрондық каталогқа өлке экологиясы туралы 500-ден астам жазулар енгізілген. Өлкетану бөлімі өлкенің табиғаты бойынша толық мәтінді құжаттарды құруға кірісті. Орталық Қазақстанның табиғаты туралы ақпараттарды әлемдік пайдаланушыларға қол жеткізу мақсатында «Сарыарқа-on-line» web-сайты құрылған.

Ғылымның шамадан тыс дамып, оның жойқын күшке айналуына байланысты адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдік табиғаттың сорына қарай күрт өзгерді. Адамзаттың табиғатты ойсыз да күрделі күйзеліске ұшыратуының зардаптарынан соңғы 20 жыл төңірегінде экология ғылымына деген көзқарас бірсыпыра жанданды. Қазір қоғам алдында тұтастай экологиялық білім жүйесін құру міндет тұр. Облыста қоршаған ортаны қорғау жөнінде бірнеше ұйымдар құрылған.

Экологиялық «Сарыарқа» клубы, «Экомюзей», «Экоцентр», «Экообраз», «Табиғат қорғау сақшысы» ұйымы, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың экология бөлімшесі, облыстық аймақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы және басқа ұйымдар мен қоғамдар бір-бірімен тығыз байланыста бірлесе жұмыс жүргізуде.

Жезқазған-Балқаш өңірінің экологиясына келер болсақ Жезқазған өңірі кең-байтақ еліміздің дәл орталығында орналасқан және республикамыздың халықаралық маңызы бар түсті металлургия орталығы. Қазақстанның ірі мыс, полиметалл, марганец, сирек және шашыранды металдар өндіретін кен орындары осында. Халық жиі қоныстанған мәдени аймақтар кен өндірісі орталықтарының маңына шоғырланған [2].

Жезқазған өңірі – ел ерте қоныстанған аймақ. Тарихи деректер ертедегі металлургия мен суғару жүйелерінің, кесене мен сарайлардың маңын мекендеген тайпалардың шаруашылығы мен мәдениетінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Жезқазған территориясының қойнауы пайдалы қазбаларға өте бай. Ол жер көлемінің үлкендігіне, жердің күрделі геологиялық құрлысына байланысты. Өлкенің шикізат қоры ертеден белгілі болған. Біздің жыл санауымыздан 40-10 мың жыл бұрын осы өңірде мыс кен орындары игеріле бастаған еді. Қола дәуірінде мыстан басқа қалайы, алтын, күміс балқытылып, өңделген. Оны жергілікті жердің жер, су аттарынан байқауға болады [3].

Қазіргі кезде игеріліп отырған минералды шикізат көзі өте көп. Солардың ішіндегі ең маңыздылары мыс, темір, марганец, полиметалдар, вольфрам, молибден, ванадий және құрылыс материалдары. Бұл өңір мыс кенінің қоры жөнінен Қазақстан Республикасындағы ең маңызды аймақ. Өлкенің мыс кендері кембрийге дейігі заманнан бастап, кейінгі палеозойдың пермь дәуіріне дейін жиналған тау жыныстарымен байланысты.

Бүгінгі таңда саналы тіршілік иелерін ғаламдық деңгейде алаңдататын өзекті жәйттің бірі – қоршаған ортаны қорғау мәселесі. адамдардың салырттығы мен бейқамдығынан бастау алған экологиялық күрделі ахуалды табиғи қалпына қайыра түсіру осы саладағы ғалымдар мен мамандары

соңғы жылдары терең толғандырып келеді. Өндірістің дамуы мен өнеркәсіп орындарының ұлғаюы, техниканы пайдаланушылар санының өсуі секілді өркениет үрдісімен үндес шаруалар екінші жағынан табиғатты тамылжыған күйде қалдыруға кері әсерін тигізуде.

Өзіміздің мысты өлкеде осындай ойды онға, сананы санға бөлетін салмақты әрі түйінді шаруаларды оңтайлы шешуде жүзеге асырылып жатқан шаралардың бар екені де күмәнсіз. Жезқазған қаласының жер ауданы бүгінгі күнге 859872 гектарды құрайды, оның 683775 гектары қаладан тысқары аумақ. Жалпы жер көлемі ауылшаруашылығына арналғаны- 831701 гектар, өнеркәсіп, көлік және байланыс құрылымдарына қатыстысы- 14513 гектар, су қоры 8644 гектар болып бөлінеді. Тіршіліктің тіні – Табиғат-Ананың тамылжыған тамаша қалпын сақтауға барша адамзат жан-тәнімен ықыласты екендігі күмәнсіз. Алайда, өндірістің өркендеуі, одан туындайтын экологиялық қиындықтар, басқа да себептер мен салдарлар қоршаған ортаның кескін-келбетіне елеулі зиянын тигізіп келеді [4].

Осыларды шешу проблемалар экологияны бұзу проблемаларына тікелей айланысты. Бұдан табиғат экологиясын бұзғыштар санын азайту керек деген ой туындаса да, оларды дұрыс шешу жолданыр табу жағынан көңіл бөлу керек деген ойдамын. Кейбір жерлерде қан төгіс соқтығыс салдарынан, табиғат апаттарынан тағы да басқа жағдайлармен адам санының азайып та жатқанын көріп отырмыз. Бұл да табиғат заңдылығы деп түсінгеніміз дұрыс болар.

Қорыта айтқанда, экологиялық апат мәселесі қазір бар әлемді толғандырып отыр. Балқаш тағдыры алаңдатқалы да жылыстап жылдар ауысты. 2000 жылы Алматыда өткен үлкен форумда, одан кейін Балқашта өткен Парламент мәжілісінің бір топ депутаттары мен табиғат қорғау мамандарынан құралған көшпелі мәжіліс те, жалпы қаладағы табиғат жанашырларының бірлестік ұйымдары да бұл мәселені жан-жақты терең талқылап, саралап келеді. Уақыт алмасқан сайын адам қолымен «екінші табиғат». Ол өндірістік өркениет деген мағынада жасалып, алға қарыштап қадам басқан сайын жаңа қиындықтар мен шешімі түйткілді мәселелер көбейе береді. Ал оны шешу біздің болашақ дизайнерлеріміздің үлесінде.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әміреева К. Тозған жерде тоқшылық болмайды // Орталық Қазақстан. - 2004.-5 маусым
2. Балқаштың өнімін американдықтар тұтынады: Қазақстанда жасалған//Мысты өңір.-2004.-18 маусым
3. Әбеу Б. Қазақстанда қанша киік қалды?// Б.Әбеу//Мысты өңір-2004.-21 мамыр.
4. Айтуғанов Қ. Ресей зымырандарын құлатпауға мүдделі: Экология және бизнес// Орталық Қазақстан.- 2000.-26 қаңтар

Әмірзада А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-31 тобының студенті

(Ғылыми жетекші – г.ғ.м., оқытушы **Хасенов Б.Р.**)

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ БАСТАУЛАРЫ

Қазіргі таңда ғалымдар структуралық, яғни құрылымдық тіл білімінің бұрынғы жетістіктерін қайтадан сарапқа салып, белгілі бір мақсатқа жетуде, міндеттерді өзге ғылым салаларымен байланыстыра қарастыруда. «Өнер алды – қызыл тіл» деп бабаларымыз тілді кез келген өнердің басы деп бағалаған болатын. Тілдің бар мүмкіншілігін сарқа пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Себебі тіл – ұлтты ұйыстырушы ғана емес, ұлтты танудың көзі. Ұлттың білімі, мінезі, дәстүрі, мәдениеті, ойлауы – бәрі де тілінде көрінеді.

Қазақ тіл білімінің жаңа салаларының бірі – этнолингвистика. Бұл жаңа парадигма тіл мен халықтың тығыз байланысы негізінде қарастырады. Этнолингвистика туралы ойлар В.Гумбольд, И.Гердер, т.б. еңбектерінде айтылған. XX ғасырдың басында аты аталған ғалымдардың идеяларын Э.Сепир бастаған ғалымдар дамытты. Қазақ тіл білімінде 70- жылдардан бастап Ә.Қайдардың басшылығымен этнолингвистиканы зерттеу қолға алынды. Ғалымның жетекшілігімен бірнеше диссертациялар қорғалды. Атап айтсақ, Ә.Ахметов, Р.Н.Шойбеков, Ж.А.Манкеева, Р.Б.Иманалиева, А.Ж.Мұқатаева, Қ.Ғабиханұлы және т.б. еңбектерін атап өтуге болады [1, 7 б.]. Қазақ этнолингвистикасын зерттеуде ғалым Е.Жанпейісов пен М.М.Копыленконың еңбектерінің орны айрықша.